6. Может обновить необходимую учебную информацию, например, с помощью Интернета (принцип актуализации информации).

Мультимедийные обучающие системы позволяют гармонично объединить *лекцию с демонстрацией учебного материала*, практикум в виде компьютерного имитатора, тестирующую систему и все дополнительные материалы в едином интерактивном компьютерном информационном материале (учебнике, пособии и т.д.) [3].

Для обучения языковым дисциплинам важно чтобы в электронном учебнике содержались следующие мультимедийные учебные материалы:

А) Цветные иллюстрации в виде картинок, коллажей, карикатур, фото и т.д., служащих стимулом для устных высказываний студентов для последующего введения в данную тему. Возможные формы работы – пленум или малые группы.

Б) Звуковой и текстовый базисный диалог/полилог, служащий образцом для построения множества подобных диалогов/ полилогов в условиях реального устного общения в схожих ситуациях. Возможные формы проверки понимания: а) поиск перевода

новых ключевых слов с помощью гиперссылок в глоссарии; б) тест на (не)соответствие данных высказываний прослушанной информации – работа в пленуме. Дальнейшие шаги:

Демонстрация построения ролевой схемы диалога на мониторе преподавателя;

Построение собственных моделей диалогов – работа в парах.

В) Звуковые и текстовые фонетические упражнения предназначены для выработки соответствующих произносительных навыков и фонематического слуха, а также письменных навыков передачи звучащей речи (правописание).

Г) Лексические и словообразовательные упражнения (синонимы, антонимы, устойчивые сочетания, словообразовательные модели и т.д.) выполняются с целью расширения активного словарного запаса. Социальные

формы: индивидуальная интерактивная работа с помощью электронного тренажера; работа в парах для выполнения коммуникативных упражнений.

Д) Грамматические формы слов и синтаксические структуры выбираются из базисного диалога или вводных предложений к теме по функционально- коммуникативному принципу. Грамматические правила формулируются студентами на основе языковых примеров, схем, иллюстраций и т.д., демонстрируемых на мониторе преподавателя. Первичное закрепление материала происходит во время аудиторных занятий в интерактивном режиме: студент – электронный тренажер. Последующая выработка навыков и умений происходит во внеаудиторное время в ходе выполнения домашних заданий с помощью тренажера. Грамматические упражнения содержат лексику изучаемой темы, часть упражнений имеет коммуникативный характер. Выполняя упражнения, студент имеет возможность не только сверить свой ответ с правильным ответом на мониторе, но и услышать и повторить звучащий ответ вслед за диктором.

Е) Аутентичные тексты различных жанров и соответствующие задания к ним нацелены на развитие навыков понимания прочитанного в соответствии с целью чтения: общий охват прочитанного, выборочное понимание, детальное понимание прочитанного.

Ж) Видеолекции, как одна из форм презентации темы, а также анимации и видеоролики, иллюстрирующие или дополняющие основной материал темы, применяются с целью развития навыков восприятия информации со слуха. Одновременная активизация двух каналов – зрения и слуха - повышает эффективность восприятия. Видеоряд сопровождается также речевыми заданиями, предназначенными для выполнения как перед просмотром, так и во время и после просмотра.

Электронное учебное пособие является одним из активных помощников в организации учебного процесса, с необычайно широким спектром образовательных перспективных возможностей. На наш взгляд, современные электронные и мультимедиа учебники должны отвечать **следующим требованиям:**

- информация по курсу должна быть хорошо структурирована;
- текстовая информация должна быть представлена как в виде видеолекции, так и в виде необходимой информации по данному предмету, дающую возможность студентам воспринимать ее путем выделения главного и дополнительного информационного материала;
- в мультимедийном учебнике необходимо использовать многооконный интерфейс, где в каждом окне представлена связанная информация, или выделены определенные информационные зоны на одном экране;
- текстовая часть должна сопровождаться многочисленными перекрестными ссылками, позволяющими сократить время поиска необходимой информации;
- видеосюжеты или анимации должны сопровождать разделы, которые трудно понять в обычном изложении. В этом случае затраты учебного

времени студентов в пять-десять раз уменьшатся по сравнению с работой с учебниками на бумажном носителе (традиционным учебником) [6-7].

Появление новых сред объектно-ориентированного и визуального программирования позволяет более эффективно проектировать и разрабатывать электронные средства обучения. Применение таких программ как PowerPoint, Windows Movie Maker, MyTest помогает преподавателям, без глубоких знаний по программированию, самим создавать электронный учебный материал.

Электронные учебные пособия состоят из нескольких компонентов: презентационная составляющая (содержит основную информационную часть курса, то есть содержательная часть); упражнения, способствующие закреплению полученных знаний; тесты, позволяющие проводить объективную оценку знаний учащегося.

Дидактическая цель - ЭУП должно соответствовать программной цели освоения дисциплины. Так, на примере дисциплины БОИЯ, главными целями являются комплексное овладение студентами лингвистическими и лингвострановедческими знаниями, как общего характера, так и профессионально-ориентированными, а также закрепление и совершенствование основных навыков и умений речевой деятельности в повседневной, профессиональной, общественно-политической, социально-культурной и других сферах общения. Поэтому все эти показатели должны найти отражение в электронном учебнике.

Подготовка кадров по лингвистическим специальностям имеет ряд отличительных особенностей от подготовки кадров по другим специальностям. Особенность заключается в том, что для проведения занятий по лингвистическим дисциплинам в языковых вузах очень важно учесть его специфику: процесс говорения, правильность произношения, процесс построения структуры предложения и т.д. Поэтому неудивительно, что не последнее место в обновлении педагогического инструментария в области преподавания иностранного языка отводится использованию новых информационных технологий в учебном процессе, разработки учебной, методической и справочной литературы нового поколения, в том числе и электронных учебников, методике проектирования и т.д.

Применение ЭУП направлено на формирование коммуникативной компетенции и профессиональной познавательной активности студентов. Под коммуникативной компетенцией понимается умение соотносить языковые средства с конкретными сферами, ситуациями, условиями и задачами общения. Соответственно, языковой материал рассматривается как средство реализации речевого общения и при его отборе осуществляется функционально-коммуникативный подход.

Общепринято, что электронное учебное пособие - является учебным материалом нового поколения, который объединил в себе достоинства традиционных учебников и возможности компьютерных технологий.

По определению Л.Х. Зайнутдиновой: «Электронный учебник – это обучающая программа комплексного назначения, обеспечивающая

непрерывность и полноту дидактического процесса обучения, предоставляющая теоретический материал, обеспечивающая тренировочную учебную деятельность и контроль уровня знаний, а также информационно-поисковую функцию, математическое и имитационное моделирование с компьютерной визуализацией и сервисные функции при условии интерактивной обратной связи» [4].

Американский ученый Уильям Вульф в своей работе отмечает, что «электронные учебники должны содержать анимации и звуковое сопровождение...они не должны содержать только ссылки на ресурсы ... они должны позволить пользователю использовать альтернативные анализы данных, комментировать, и пополнять документацию, делая электронную книгу «живым документом» [5].

Электронные учебники могут быть использованы на всех уровнях образования: в школах и колледжах, институтах и университетах, для повышения квалификации. В образовательном же процессе ЭУ должен решать такие основные педагогические задачи, как:

- начальное ознакомление с предметом, освоение его базовых понятий и конструкций;
- базовая подготовка на разных уровнях глубины и детальности;
- контроль и оценивание полученных знаний и умений;
- развитие способностей к определенным видам деятельности;
- восстановление необходимых компетенций.

Таким образом, в электронной среде учебной деятельности естественно и непринужденно происходит смена социальных ролей преподавателя и студента: студент самостоятельно осваивает знания, преподаватель помогает ему в выборе средств и методов учебы, консультирует его, контролирует текущую и итоговую успеваемость, корректирует возникающие недостатки в ходе учебного процесса.

Применение электронных средств обучения: учебных пособий и тренажеров, Интернет ресурсов, электронных средств контроля и учета текущей и итоговой успеваемости повышает эффективность обучения иностранным языкам и делает сам учебный процесс увлекательным, свободным от принуждения, развивает творческие способности студентов.

Список литературы

1 Джусубалиева Д.М. - Электронные и мультимедиа – учебники необходимое условие самостоятельной работы студентов при переходе на кредитную технологию обучения. Научный журнал «Исследования, результаты» Казахского национального аграрного университета № 2, 2008 г., изд. Алматы «Агроуниверситет», 2008.- с.376-379.

2 Агеев В.Н. Электронные издания учебного назначения: концепции, создание, использование /В.Н. Агеев, Ю.Г. Древе. - М.: 2003. -236 с.

3 Вымятнин В.М., Демкин В.П., Можяева Г.В., Электронный мультимедиа курс как методическая основа учебного процесса

дистанционного обучения// Материалы международной конференции «Научное и методическое обеспечение системы дистанционного образования». Томск, 2000.

4 Зайнутдинова Л.Х. Создание и применение электронных учебников (на примере общетехнических дисциплин). - Астрахань: Изд-во ЦНЭП. 1999, - 364 с.

5 Wulf, W. A. 2003. "Higher Education Alert: The Information Railroad is Coming". Educause, Jan./Feb.

6 Джусубалиева Д.М. - Дистанционное обучение в системе профессиональной подготовке специалистов в вузе. В сб. статей «Психолого-педагогические проблемы формирования личности в условиях рыночной экономики». Алматы. 2000. - с. 79-81. (материалы научно-практической конференции).

7 Джусубалиева Д.М. - Роль информационных технологий в образовании. Международный форум по информатизации образования. Алматы 2002. - С.75-78.

Джусубалиева Д.М.,

п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

Джонисова Г.Б.,

магистрант Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,

Алматы, Қазақстан

Электрондық оқулықтарды құру принциптері

Бұл мақалада электрондық оқулықтарды құру технологиясы мен оларды қолдану ерекшеліктері көрсетілген және электрондық оқулықтарды құруда мұғалім қандай ерекшеліктерді ескеру қажеттігі, қандай тиімді жолдарын қолданғаны дұрыс болтаныны анық жазылған.

Dzhusubalievа D.M.,

PhD, professor,

Undergraduate of Ablai khan University of IR&WL

Jonissova G.B.

The principles of construction of electronic textbooks

The article discusses the development of the technology of the electronic textbook, which is the main in teaching assistant at the university in creating certain electronic textbook on particular subject, and the principles using in the development of e-learning tool.

УДК 81-13.8'23

Артықбаева А.Қ.,
к.п.н., проф., Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Торекеев Б.А.,
Магистрант, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘНІ

Мақалада ғалымдардың еңбектеріне талдау беру арқылы ақпараттық құзіреттілік, ақпараттық технология ұғымдарына талдау беріледі, берілген түсінік нақтыланады, студенттердің ақпараттық құзіреттілігін ақпараттық технология арқылы қалыптастырудың мәніжайлы мазмұндалады. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Ақпараттық құзіреттілікті ақпараттық технологиямен меңгеру студенттердің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтылық, адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізетіндігі, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектесетіндігі орны ашып көрсетіледі.

Тірек сөздер: құзіреттілік, ақпараттық құзіреттілік, технология педагогикалық технология, оқытудың ақпараттық технологиясы, ақпараттық технология, ақпараттық ресурс

Әлемдегі озық, бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына еніп, өркениетті елдермен иық тіресе тұру міндеті, сайып келгенде, еліміздің ертеңгі азаматтарының қолында. Сондықтан ұстаздарды серпілістер мен жаңарулардың қарсаңындағы басты тұлға дей аламыз. Ендеше жүктеліп отырған аса жауапты міндет, білім саласындағы реформалар, педагогикалық әдіс – тәсілдердің тың, мәнді, әрі сапалы болуын талап етіп отырған осы бір айтулы кезеңде, мұғалімдер жылдар бойы жинақтаған іс – тәжірибесін жаңа технологияларға ұштастыруы қажеттігі туындайды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауындағы он сегізінші бағыттың маңызы ерекше. Онда: «Ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағдарланған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр», - деп атап көрсеткен [1]. Қоғамдық әлеуметтік тапсырысқа сай білім беру орталықтары, яғни жалпы білім беретін мектептер, арнайы кәсіби білім беретін орталықтар, жоғары оқу орындары, әртүрлі ғылыми зерттеу институттары өздерінің ұсыныстарын алға қойып жатыр. С.С.Құнанбаеваның пайымдауынша: “XX-ғасыр соңында тілді меңгеру сапасына қойылған әлеуметтік талаптарға жауап бере алу үшін ұтымды әдістемені әздеу тұйыққа тірелу дегенді көрсетпейді. Бұл бүгінгі әлеуметтік-тарихи жағдайлармен негізделген шетел тілін оқыту әдістемесінің алға дамуын көрсетеді” [2].

«Күзiреттiлiк» латын тiлiнен аудармасы «компетенс» белгiлi сала бойынша жан - жақты хабардар бiлгiр деген мағынаны қамти отырып, қандай да бiр сұрақтар төңiрегiнде беделдi түрде шешiм шығара алады дегендi бiлдiредi - деп көрсетедi [3]. Бұл жайлы Б.Тұрғанбаева «Өзiнiң практикалық әрекетi арқылы алған бiлiмдерiн өз өмiрлiк мәселелерiн шешуде қолдана алуын – күзiреттiлiк деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Күзiреттiлiк» дегенiмiз - педагогтiң басқа бiр адамның дамуына негiз бола алатын бiлiмдiлiгi мен абыройлығы». К.Құдайбергенова «Тұлға құзырлығын қалыптастыру жолдарын бiлiм беру жүйесiндегi жүйеге кiретiн бала жүйеден шыққанда түлек болады және тұлғаның ұжымға енуi арқылы әлеуметiк-психологиялық сипаты көрiнедi» деп тұжырымдайды. Күзiрет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (бiлiм, бiлiк, дағды) жиынтығы. Ал шетел тiлi сабағында оқушылардың өз бетiнше жұмысын ұйымдастыру арқылы бiлiм, бiлiк, дағдының жоғары деңгейiне шығу, яғни, жеке тұлғаның құзыреттiлiгiн жүзеге асыру өзектi болып отыр.

Ал «Ақпараттық құзыреттiлiкке» келсек, ол– бағдарлай бiлу, өз бетiнше iздеi бiлу, талдай, таңдай бiлу, өзгерте бiлу, сақтай бiлу, бiлiм мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектiлердiң көмегiмен жеткiзудi жүзеге асыра бiлу және талқылау (интерпретациялау) бiлiгi. Ақпараттық құзыреттiлiктi меңгеру мұғалiмдерге педагогикалық процестi, өмiрлiк iс-әрекеттерiн табысты басқару қабiлеттiлiгiн қамтамасыз етедi. Оның негiзiнде мұғалiмдер педагогикалық процесс пен өз iс-әрекеттерiнiң мақсат-мiндеттерiн, оларды жүзеге асыру амал-тәсiлдерiн дербес таңдау, өз бетiмен шешiм қабылдау және оның нәтижелерi үшiн жауапкершiлiк арту мүмкiншiлiктерiне ие болады. Ақпараттық құзыретiлiк болашақ мұғалiмге қоғамның дербес, өзiне сенiмдi, өзiн-өзi iске асыра алатын, қоғам дамуының қарқынды жағдайларына тек бейiмделiп қана қоймай, осы процестi дамытуға өз үлесiн қоса алатындай тұлғаға айналуына жағымды әсер етедi. Аталған мәселелер мұғалiмдердiң ақпараттық құзыреттiлiгiн қалыптастыру мәселесiнiң өзектiлiгiн дәлелдей отырып, оны зерттеу қажеттiлiгiн негiздейдi.

Жаңа технологиялардың саны сан алуан. Тек оны дұрыс және тиiмдi қолдана бiлу керек. Себебi, жаңа технологиялар озық, тиiмдi идеяларға, мазмұндамалардың көпшiлiгi оқушының оқу үрдiсiнде дамуына негiзделген. Қазiргi көптеген көзқарастар бойынша мұғалiм оқушыны оқытпау керек, ал оқушы өзi оқуы тиiс. Мұғалiм оқушының оқуын ақыл-ой дамуын ұйымдастырып, оны басшылыққа алу керек. Бiз сонда ғана бiлiм сапасын көтерiп, қоғамымыздың лайықты азаматын, тұлғасын тәрбиелеп шығарамыз. Бiлiм сапасын жақсартуда жаңа технологияларды қолданып оны енгiзу ешқашан кеш болмайды. Бiз әрқашанда оқушылардың бiлiмi жаңа технологияларды ендiруге жарамайды деген сияқты күдiктi ойларды ысырып қойып оқыту жұмысын жаңа технологиялардың бiрi бойынша бастауымыз керек. Ал егер оны мойындамай жүрген оқытушылардың еңбектерiнiң нәтижесi төмен болуы мүмкiн. Бұл жағдай кейiн оқушының жұмыс нәтижесiн

есепке алғанда кері әсері тиюі мүмкін. Сондықтан оқушылар өз жұмыстарын жаңа технологияларға сүйеніп жүргізулері керек. Жалпы технологияның мазмұнына тоқталайық.

«Технология» дегеніміз - әдістемелік жүйесімен дидактикалық процестер кешенінің тәжірибеде жүзеге асырылатын жобасы немесе өндірістік процесті жүргізудің әдістерімен тәсілдері жайлы білім жиынтығы. Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы, оқу процесін ұйымдастыру, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі болып келеді. Ал, «Педагогикалық технология» – практикада іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы.

Оқыту технологиясы – бұл оқу ақпаратын өңдеу, өзгерту, көрсету және талап ету әдістері мен құралдарының жиынтығы болса, бір жағынан қарағанда қажетті техникалық немесе ақпараттық құралдарды оқу үрдісінде пайдалана отырып, оқушыларға мұғалімнің әсер ету тәсілдері жайлы ғылым жүйесі болып келеді. Жалпы "Педагогикалық технология" түсінігі қаншалықты қолданыста болғанымен, ол жөніндегі түсінік ұғыныңқы болмаған. Білім берудің қазіргі кездегі практикасында бұл ұғым стандартты емес ғылыми көріністерде ереже ретінде қолданылып, педагог жұмыстарының өндірілген әдіс-тәсілдерін, құралдарын білдіреді.

В.М. Монаков «Педагогикалық технология – оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру және өткізудің ойластырылған моделі» - деген анықтама берген болатын. Ал, В.П.Беспалько технологияны түсіну үшін ең алдымен педагогикалық іс-әрекеттің өндірушілік белгісіне көңіл аудару қажеттігіне зейін аударады, әлеуметтік тұрғыдан бұл белгі, технологияның басқа белгілерінен оның жалпылық сипатымен байланыстылығын сипаттайды. Қазіргі білім беру технологияларын Г.К. Селевко технологияның классификациялық параметрлері тұрғысынан: қолдану деңгейі, негізгі дамыту факторы, меңгеру тұжырымы, жеке тұлғаның құрылымына бағдарлау, мазмұн сипаты, басқару типі, ұйымдастыру формалары, балаға ықпал ету тәсілдері, әдістердің басымдылығы, жетілдіру бағыттары, оқушылар категориялары бойынша нақтылап көрсетеді. Ш.Т.Таубаева оқытудың қазіргі технологияларының аттарын атап көрсетіп, олардың мақсаттарын, тұжырымының және мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видео құралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер). Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек. «Ақпараттық коммуникативтік технология» дегеніміз- электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға,

интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. «Ақпараттық технология» терминін академик В.М. Глушков енгізген. Білім беру процесін ақпараттандыру оқушыға білім берумен байланысты болғандықтан, В. Глушковтың анықтауынша, «Ақпараттық технологиялар» ақпаратты өндеумен байланысты процестер болып табылады.

Ал білім беруде компьютерді және оның құралдарын пайдалана бастаған кезде оқытудың ақпараттық технологиялары ұғымы пайда болды. А.Горячевтің тұжырымдауынша, «Ақпараттық техногия» - мәтіндік редактор, электрондық кесте, мәліметтер базасы, графиктік редактор, мультимедия және коммуникациялық технологиямен сипатталады. Н.Апатова «Ақпараттық техногия» ұғымына екі анықтама береді:

- «Ақпараттық техногия»-қажетті техникалық және бағдарламалық жабдығы бар компьютер;

- «Ақпараттық техногия»-бұл ақпаратты өндеу көмегімен жүзеге асырылатын әдістер және тәсілдер жинағы [4]. Ал, Н.Макарова бұл терминді қысқаша компьютер негізіндегі технология деп тұжырымдайды. Осыған қарағанда «Ақпараттық техногияға» дидактика мәселелерін есептеуіш техника көмегімен шешетін педагогикалық технология деген анықтама беруге болады.

Жалпы құзыреттіліктің мәні, ақпараттық құзыреттілік және оның жіктелуі мәселелерін, Г.Селевко, Т.Е.Исаева, Н.В.Кузьмина, Б.Т.Кенжебеков және т.б. өз еңбектерінде қарастырады. Білім берудің нәтижесі ретіндегі құзыреттілік мәселесі саласында М.Ж.Жадрианың, Д.П. Мучкиннің, А.Арғымбаеваның еңбектерінде орын тапты. Ал, ақпараттық коммуникативтік технологияларды қолданудың теориялық мәселелері Сысоев П.Ф., Евстигнеев М.Н., Д.М. Джусубалиева және т.б. еңбектерінде жақсы қамтылған.

Білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оларды кәсіби тұрғыдан жан-жақты жетілдіру мәселесі бүгінде мемлекет тарапынан қолға алынып, болашақта атқарылатын істер жоспарына енгізіліп, күн тәртібіне қойылып отыр. Жоғары оқу орнында студенттің болашақ кәсіби маман ретінде қалыптасуын зерттеуге деген қызығушылық үздіксіз арта түсуде, бұл мәселе студенттердің ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру барысында жүзеге асады деп ойлаймыз. Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Бұл жүйелерге қарай отырсақ, *құзіреттілік* дегеніміздің өзі қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Ендеше әр педагогтың ақпараттық құзіреттілігі нақты жағдайда ғана тұлғаның құзырлылық қабілетін ашатын тапсырмалар жүйесін ұсына алатынымен анықтауға болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілді.

Студент шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ақпараттық көздерінен алынған мәліметтерді пайдалана отырып өмірден көрген практикасымен байланыстыру арқылы сұрақтардың шешімін табуға жол ашады. Студенттердің осындай жолмен орындаған тапсырмалар жүйесінің өзі шығармашылық ұғымымен сәйкес. Ендеше кеше ғана студент жаппай білім алу барысында кейбіреулері өз мүмкіндіктерін өзі ашқан болса, кейбірі «жабулы қазан жабулы күйінде» өмір ағымымен кете барды. Кешегі біздің білім алған оқытушыларымыз білім беруші ақпарат көзі ғана болды. Мәселенің дұрыс бұрыстығын саралаушы да тек қана сол оқытушы еді.

Ал, қазіргі оқытушы студенттерді дұрыс ұйымдастыра отырып, бағыт бағдар беру арқылы өздігінен жұмыс жасауға үйрету нәтижесінде, жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен нәтижелер әкелетіндей тұлға даярлап шығуды көздеуде. Оқытушы қауымнан студенттер тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Жеке тұлғаны білімге, өмірге бағыттауға тәрбиелеу үшін студенттердің өз бойынан дәл осындай жұмыс түрлерін өткізгенде ғана нәтиже берері анық. Олай болса, студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілік қабілеттерін дамыту мақсатында төмендегідей тәжірибе жинақтадық деп айта аламыз.

Ең әуеілі білім стандартына сай, шет тілі (ағылшын тілі) пәнінің бағдарламалары мен жоспарларын, әдістемелік нұсқаулары мен оқулықтарын жете зерттей отырып, шет тілі сабағында әрдайым пайдаланылып отыратын мәтіндер (мысалы, About myself, Sport, Seasons т.б) бойынша, әр студентке жеке тұлға ретінде қарау мақсатында шет тілінде сөйлеуге деген қызығушылығын ояту, ізденіс жұмыстарын жасау, әр студенттің жаңаға ұмтылу, жаңаны сезіну деңгейін жетілдіру үшін шығармашылық сұрақтар жүйесі жасалынды. Шығармашылық сұрақтардың жалпы мазмұны, көтерген мәтіндер жайында жан-жақты ізденуге, толықтырулар жасауға, болжамдар айтуға, өз идеяларын ағылшын тілінде ортаға салуға, еркін сөйлеуге негізделді. Әрбір сабақтан кейін студенттер өзінің ой-толғанысын әртүрлі сұрақтарға жауап беру арқылы білдіріп, бөлісіп отырғаны абзал. Осындай тәжірибелер арқылы, қазіргі оқытушы студенттердің көп мүмкіндіктерін ашу арқылы,

- олардың шығармашылық қабілеттерін тани білуге;
- студенттерді шет тілінде сөйлеуге дағдыландыруға;
- өзге мәдениетпен танысуға;
- жаңашыл іс-әрекет жасауға;
- білімге деген жетіспеушілігін сезіп білуіне;
- өмірде кездесетін көптеген жағдаяттарды шеше білуге;

Қазір төрткүл дүниедегі өзгерістер, ақпараттық құралдар арқылы барлық адамзатқа хабардар болып отырғаны белгілі. Ендеше, біздің тәрбиелеп, оқытып шығарып жатқан педагогтарымыз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай жан-жақты ойлаушы, коммуникативті, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы-заман талабы. Осындай жағдайда ғана еліміздің ертеңін құрушы ұрпақтарымыз жан-жақты дамыған,

шығармашыл интеллектуалды қабілеті оянған, жеке тұлға болып қалыптасуы сөзсіз деп ойлаймыз. Расында да, ертең мұндай өндірістерді дамытатын бүгінгі ұрпақтарымыз заман талабына сай жан-жақты, жаңашыл да, жаңаны ойлап тапқыш, жаңалыққа ұмтылушы, бір сөзбен айтқанда, креативтілік жағынан толысқан ұрпақтар тәрбиелеп, дайындап шығару педагог қауымы біздің міндетіміз екені белгілі.

Мысалы: ағылшын тілі сабағында студенттерге өмірмен, күнделікті тіршілікпен, тіпті қарапайым ауа-райын шет тілінде сұрау арқылы студенттерді: сол тілде ойлауға, өз ойын айтуға, өзге мәдениеттен хабардар болуға, берілген тапсырмаға тереңірек бойлауға, білімге деген жетіспеушілігін сезінуге, белгісізге қарай табысты түрде қадамдар жасай білуге, үйрете отырып, олардың бойларына құзіреттілік қасиеттердің белгілерін қалыптастыратындай орта жасауға болады екен деген пікір жасауға болады.

Міне, құзіреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ.

Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Бұл жайлы 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында оқушы бойынан табылуға тиісті құзырлылықтарды нақты айқын көрсеткен. Мұнда:

- Құндылықты-бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық қабілетті болу).

- Мәдениеттанымдық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті).

- Оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу).

- Коммуникативті құзіреттілік (адамдармен өзара қарыс-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болу).

- Ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті).

- Әлеуметтік-еңбек құзіреттілік (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті).

• Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілік (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті) [5].

Аталған құзіреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзіреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі.

Қорыта келе, біз ғалымдардың еңбектеріне талдау беру арқылы ақпараттық құзіреттілік, ақпараттық технология ұғымдарына талдау бердік, берілген түсінік нақтыланды, студенттердің ақпараттық құзіреттілігін ақпараттық технология арқылы қалыптастырудың мәні мазмұндалды. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Ақпараттық құзіреттілікті ақпараттық технологиямен меңгеру студенттердің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтылық, адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізетіндігін, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектесетіндігінің орны ашып көрсетілді. Бір сөзбен айтқанда тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарында қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтың құзіреттілігіне байланысты болады. Олай болса, тұлғаның құзырлылық қабілеттерінің артуына, өзін-өзі дамытуына, жаңалық ашып ізденуіне педагогтың құзіреттілік қасиеті маңызды роль атқарады.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан //Егемен Қазақстан.- 2012.- 15 желтоқсан.- 1-2-бб.

2 Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттiлдiк бiлiм берудiң теориясы мен практикасы. -Алматы, Эдельвейс, 2010.- 344 б.

3 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы: Арман, 2005. -174 б.

4 Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критеріі.- Алматы, 2008.- 30-32 бб.

5 Монаков В.М. Введение в теорию педагогических технологий: монография. - Волгоград: Перемена, 2006. - 120 с.

Артықбаева А.К.,
к.п.н., профессор, ҚазУМОиМЯ им. Абылай хана
Торекеев Б.А.,
магистрант, ҚазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Қазақстан

Значение формирования информационной компетентности студентов через информационных технологии

Информационно-коммуникационные технологии создают новую глобальную среду, в которой будущему поколению предстоит не только общаться, но и выстраивать профессиональные и личные отношения, позиционировать свои интересы и представлять себя. От того, насколько эффективно им это удастся, во многом и будет зависеть их личное благополучие и процветание всей страны. Именно поэтому в настоящее время большое значение придается информатизации системы образования. Приведены основные характеристики этапа возникновения формирования информационной компетентности. рассмотрен набор информационных технологий как средство организации учебного процесса

Artykbayeva A.K.,
c.p.s., professor, KazUR&WL Ablai Khan,
Torekeyev B.A.,
master's degree of pedagogical sciences, 2nd course, KazUR&WL,
Ablai Khan, Almaty, Kazakhstan

Meaning form of information competence of students through information technology

Information competence is closely related to the information activities of the learner develops an information environment that fully realizes it their abilities, needs and aspirations. If a person has information activities, so he formed information competence. This is the result of education, which is expressed in the mastery of information competence. In the context of the modernization of education, where the main task is put forward to ensure the sustainability of its development, one of the main resources of this development becomes a teacher, able to be the subject of changes in education and work in conditions of change.

УДК 001.1

Сыздықова З.Ж.,

п.ғ.к., кандидаты Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

Усіпбекова Н.И.,

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ магистранты,

Алматы, Қазақстан

**ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ
СТУДЕНТТЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Мақалада тілдік ЖОО-ғы студенттерің бойындағы педагогикалық дискурсты дамытуда интернет ресурстарын қолданудың жолдары мен мүмкіндіктері қарастырылады. Интернет ресурстарын қолдана отырып студенттердің шетел тілін меңгерудегі дағдылары мен іскерліктерін дамытып қана қоймай, сонымен қатар ойлау, талдау, синтездеу, абстракциялау, теңестіру, салыстыруды жүзеге асырып, студенттердің әлеуметтік және психологиялық қабілеттерін жетілдіретіні жайында баяндалады.

Тірек сөздер: педагогикалық дискурс, ақпараттық технология, интернет ресурстары, сөйлеу әрекеттері

Бүгінгі заман – бәсекелестік пен жоғары технологиялар заманы, ғылым мен білім заманы. Сондықтан бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет. Білім беруді жаңарту дегеніміз үнемі алға қарай ұмтылу мен даму үрдісі. Шетел тілін жаңаша оқыту соңғы жылдары жоғары қарқынға ие болды. Ұстаздардың сабақты жобалаудағы жауапкершілігі студенттердің шетел тілінде нәтижелі тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіншіліктер туғызады. Олар аз уақытта жаңа технология жәрдемімен үлкен жетістіктерге жете алады. Оқудың дәстүрлі үрдісіне инновациялық технологияны ендіру, оқытушылар мен студенттерге дәстүрлі формаларды және әдістерді жетілдіруге мүмкіндік береді, сонымен қатар жаңаларды да, атап айтқанда: тренингтер, дөңгелек үстелдер, пресс-конференциялар және интернет ресурстары (блог (Blog)), твиттер (Twitter), вики (Wiki)) т.б. [1].

Студенттердің бойындағы коммуникативтік біліктіліктерін жан -жақты дамыту олардың бір -бірімен мәдениетаралық байланыса алу қабілеті мен оқып отырған тілді байланыс құралы ретінде қолдана алу қазіргі заман талабына сай оқытудың басты талабы болып табылады. Осы мақсатқа жетуде кез -келген мұғалімнің басты міндеті тиімді әдіс тәсілдерді, қажетті құралдар мен ресурстардың дұрысын таңдай білу болып табылады. Бүгінгі таңда оқып отырған тілді үйренуде интернеттің алар орны айтарлықтай зор. Студенттер интернет арқылы оқып отырған тілдің азаматтарымен еркін қарым -қатынасқа түсе алады. Интернет ресурстары ақпараттық технологияның бір түрі болғандықтан, алдымен ақпараттық технология ұғымына анықтама беріп

кеткенді жөн көрдік. Ақпараттық технологияны шетел тілі сабақтарында қолданудағы рөлін жан жақты зерттеген ғалымдар Глушков В.М, Уваров А.Ю, Сысов П.В, Евстегнеев М.Н, Полат Е.С. және т.б.

В.М. Глушков ақпараттық технологияларды ақпаратты өңдеумен байланысты деп анықтама береді. Себебі, қазіргі кезде ақпаратты қайта өңдеудің қызметін техниканың негізгі құралы ретінде жеке компьютерлер атқарады [2].

А.Ю. Уваровтың айтуына сүйене отырып ақпараттық технология дегеніміз шетел тілін үйретудегі қолданылатын электрондық оқулықтар, мультимедиалық бағдарламалар және интернет ресурстары жатады.

Интернет желісі дидактикалық мақсатта екі басты бөліктерден тұрады: телекоммуникация формалары және ақпарат ресурстары. Соның ішіндегі кең қолданыстағы телекоммуникация формаларына электрондық почталар, чаттар, форумдар және веб, видеоконференциялар жатады. Ал, интернет желісіндегі ақпараттық ресурстарға әр түрлі тақырыптағы және әр түрлі тілдегі мәтіндік, аудио-визуальды материалды жатқызамыз.

Интернет ресурстарын қолдана отырып студенттердің қатысымдық күзiреттiлiгi мен педагогикалық дискурсын және сөздік қоры мен ауызекі сөйлеуін дамытуға болады. Соңғы он жылда адамзаттың жеткен жетістіктерінің бірі, яғни оқыту үрдісінде кең таралып келе жатқан халықаралық желі–Интернет. Интернетті оқыту мақсатында қолдану әдістеменің жаңа бағыты болып табылады. Интернеттің негізгі қызметінің бірі-студенттердің мәдениетаралық қатысымдық күзiреттiлiгiн қалыптастыру болып табылады. Интернет- халықтардың ұлтаралық мәдени қоғамы, яғни әлемнің миллиондаған студенттерінің электронды түрде қарым-қатынас жасауы арқылы бір-бірімен ақпарат алмасуы. Компьютер студенттердің жұмысына сын айтпайды, керісінше өз бетімен жұмыс істеуі мен сенімділіктерін арттырып, қолайлы әлеуметтік психологиялық атмосфера орнатады [3].

Интернет студенттерге тілін үйреніп жатқан елдің азаматтарымен сойлесіп, пікір алмасуға мүмкіндік беретін қарым-қатынас құралы болып табылады яғни ол SKYPE, Twitter, Yahoo сияқты дыбыстық байланыс құралдарының көмегімен жүзеге асады. Интернет-миллиондаған компьютерлерді бір желіге біріктіріп, шексіз ақпаратпен түрлі амалдармен қатынас жасауға мүмкіндік беретін дүниежүзілік танымал желі. Интернет сөзі тікелей халықаралық желі деген ұғымды білдіреді (International Net work). Интернеттің көмегімен ең соңғы жаңалықтарды оқуға, ауа райы жайында мәлімет алуға, сонымен қатар электрондық почта арқылы және бейнеконференциялармен студенттерді оқытуға мүмкіндіктер бар. Педагогикалық мақсатта аталған интернет ресурстарын қолдана отырып, шетел тілін үйренуде студенттермен ашық сабақ жобасын талқылауға, тақырыпшаларды бірге оқып өз көзқарастарын жеткізуге, сонымен қатар түрлі тапсырмалар орындауға мол мүмкіндіктер бар.

Соңғы жылдары педагогикалық әңгімелесудің (чаттың) бес түрі анықталып отыр:

-Еркін тақырыптағы чат(free topic chat)

-Белгілі бір тапсырманы орындауға бағытталған чат(collaborative task-oriented chat)

-Чат семинар немесе чат презентация(academic seminar or presentation chat)

-Белгілі бір материалды игеруге бағытталған чат(practice chat)

-Игерілген материалдың меңгерілген дәрежесін бағалауға және тексеруге бағытталған –бағалау чаты (evaluation task).

Шет тілін оқытуда Skype және Twitter-дің көмегімен көптеген дидактикалық тапсырмаларды орындауға болады.Соның ішінде:

-Сөйлеу және тыңдап түсіну дағдысын, іскерліктерін қалыптастыруға және жетілдіруге арналған тапсырмалар;


-Диалог құрастыру және педагог пен студент арасындағы дискурсты дамытуға және қалыптастыруға арналған тапсырмалар;

-Студенттердің сөздік қорын толықтыруға арналған тапсырмалар;

-Оқып отырған тілдің мәдени-әлеуметтік болмысымен танысуға (сөйлеу этикасы,мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлері) арналған тапсырмалар;

-Шетел тілін үйреніп жатқан студенттердің бойындағы қызығушылықтарын арттыруға арналған тапсырмаларын орындауға болады.

-Төмендегі кестеде П.В.Сысоев пен Евстигнеев-тің пайымдауынша интернет ресурстарын дұрыс пайдалана алу шетел тілін оқытуда көптеген жетістіктерге жетуге ықпал ететінін көрсекен [4].



Сурет 1 - Интернет ресурстары негізінде дамытылатын сөз әрекеттері.

Шетел тілдерін интернет ресурстарын қолдана отырып оқытуда қазіргі кезде жаңа талаптардың бірі-әдістемеді интерактивтілік деп аталатын өзара әрекеттесуді жасау болып табылады. Р.П.Мильрудтың анықтауына сәйкес интерактивтілік –бұл коммуникативтік мақсаттар мен сөйлеу құралдарының күштерін біріктіру және үйлестіру. Осы анықтамаға сәйкес интерактивтік

амал виртуалды кеңістікте сабақтағы коммуникативтілік мақсаттарна жетудің құралы қызметін атқарады деген қорытынды жасауға жасауға болады. Демек шынайы тілді оқыту барысында интернет сөйлеу қабілетінің іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруға, сонымен бірге лексика мен грамматикаға үйретуде шынайы қызығушылық пен тиімділікті қаамтамасыз етуге көмектеседі. Сонымен қатар, интернет тек шетел тілін меңгерудегі дағдылар мен іскерліктерді дамытып қана қоймайды, ең алдымен бұл ойлау операциялармен байланысты: талдау, синтездеу, абстракциялау, теңестіру, салыстыруды жүзеге асырып, интернет студенттердің әлеуметтік және психологиялық сапаларын жетілдіреді.

Ақпараттық-қатысымдық технологияларды қолдану негізінде студенттердің шетел тілін меңгерудегі іс-әрекетін ұйымдастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттерге негізделінген.

Студенттердің іс-әрекеттерін дамытумен қатар шетел тілін оқытуда ақпараттық-қатысымдық технологиялардың көмегімен келесідей дидактикалық міндеттерін шешуге болады:

- Білім беру мекемелерінің (совершенствование) сапасын арттыру;
- Оқытуды индивидуализациялауды жоғарлату;
- Әлем бойынша, педагогикалық практиканың жетістіктеріне жеделдетілген түрде қол жеткізу;

- Студенттердің шетел тілін оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, ынталандыру;

- Студенттердің оқу үрдісінде белсенділігін арттыру, студенттерді зерттеушілік жұмысқа тарту;

Шетел тілін оқытуда ақпараттық-қатысымдық технологиялардың көмегімен келесідей әдістемелік міндеттерді шешуге болады:

- Оқытудың дифференциалануы;
- Өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру;
- Ақпараттық мәліметтер базасын дайындау;
- Ақпараттарды үлгілеу;
- Жаттығу және дайындық жұмыстарын жүргізу;
- Оқыту уақытын тиімді пайдалану;
- Студенттердің ақпараттық-қатысымдық мәдениетін қалыптастыру және т.б.

Шетел тілін оқыту технологиясының тиімділігінің көрсеткіштері мыналар:

- Студенттердің моральдық психологиялық, интеллектуалдық және жас ерекшеліктерін ескеру.

- Оқуға жағымды көңіл күй қалыптастыру.

- Ұстаз бен студент арасында сөз алмасу, ғылыми қарым-қатынас және әріптестік принципін орнықтыру.

- Студенттердің еске сақтау қабілеті мен творчестволық деңгейін көтеру арқылы белсенділігін арттыру.

- Оқуды игеруге мультимедиялық және басқа да техникалық арсеналды кең іске қосу.

-Сабактардың бітуімен студенттердің келешекке қанағаттануының қорытынды нәтижесі.

Қорыта айтқанда, интернет ресурстарын білім беруде қолдану-бұл оның нәтижелілігіне қолайлы жағдайдың боуы болып табылады. Сонымен қатар білім сапасын көтерудегі бірден-бір тиімді жол.

Әдебиеттер

1 Сысоев П.В. Концепция языкового поликультурного образование. М. Еврошкола, 2003. \\ 406 с.

2 Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Е.С.Полат. – М., 2000. - 45 с.

3 Уваров А.Ю. Педагогический дизайн. – М., 2003, -32 с.

4 Сысоев П.В., Евстигнеев М.Н. Технологии Веб 2.0 в создании виртуальной образовательной среды для изучения иностранного языка // Иностр. языки в школе. – 2009. – 33 с.

Сыздыкова З.Ж.,

к.п.н., КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Усипбекова Н.И.,

Магистр педагогических наук, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Формирования педагогического дискурса у студентов применяя интернет ресурсов

Статья посвящена роли интернет ресурсов в изучении иностранных языков и педагогического дискурса у студентов. С помощью интернет ресурсов мы также можем развивать у студентов способности разговаривать и использовать остальные навыки а также мы будем учить их сравнить и сопоставить действия. С другой стороны мы можем улучшить их социальные и психологические способности.

Syzdykova Z.Zh.,

k.p.s, KazUIR&WL Ablai Khan, zukhra.73@mail.ru

Usipbekova N.I.,

magistr, KazUIR&WL Ablai Khan,
nagi92@bk.ru, Almaty, Kazakhstan

Forming pedagogical discourse of students' applying the internet resources

In this article will be discussed the role of the internet resources in teaching foreign language and pedagogical discourse of students. With the help of internet resources we can develop students' speaking, listening, writing, reading skills and also we will teach them to compare and contrast things and actions. On the other hand we can improve their social and psychological abilities.

3 БӨЛІМ ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

РАЗДЕЛ 3 ЭТНОПЕДАГОГИКА И ПЕДАГОГИКА ШКОЛЫ

УДК 37.013

Қалиева К.М.,

п.ғ.к., доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
kalieva.k.m@mail.ru, Алматы, Қазақстан

ТҮРКІ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТҮЛҒА ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақала орта ғасыр ғұламаларының еңбектеріндегі тәлім-тәрбие мәселесіне арналған. Бүгінгі күні қоғам өмірінде отан тарихына, оның мәдени мұрасына терең қызығушылықты білдіретін тенденцияларды анық байқауға болады. Рухани құндылықтар мен ұлттық дәстүрлерге қатысты көзқарастар түбірімен өзгеруде. Бұл өзгерістердің отандық педагогикалық ойдың даму жағдайына да қатысы бар. Соңғы уақыттарда өткеннің педагогикалық мұраларына қызығушылық артуда. Себебі, олардың тәлім-тәрбиелік мазмұны саналуан және көпқырлы. Бұл мұраның ажырамас бөлігі ретінде Абу Нәсір әл-Фараби, Әбу Райхан әл-Бируни, Әбу әли Ибн Сина, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашғари секілді ғұламалардың педагогикалық ілімдерін атауға болады. Олардың тәрбие мен білім беру мәселелері жөніндегі ойлары, педагогикалық көзқарастары аса зор тәлімдік қуатқа ие және жеткіншек ұрпақ бойында тұлғалық ізгі қасиеттер мен білімділікті қалыптастыруда маңызды роль атқарады.

Тірек сөздер: тәрбие, оқыту, тәрбие үдерісі, ізгілік, білімділік, тұлға, тұлғалық қасиеттер

Қазақстан қоғамы Тәуелсіздік алғаннан кейін демократиялық, құқықтық мемлекет құру жолына түсті. Бұл жағдайларда ұлттық өзіндік сана, халықтық идеялық бастауларға тартылыс аса шапшаңдықпен арта түсуде. Қазақ халқының қоғамдық-мәдени өмірі тарихындағы «ақтаңдақтардың» ашыла бастауымен байланысты ұлттық, рухани мұраға жаңаша қарау мүмкіндігі туындады.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей: «Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі

бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!.. «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді» [1].

Тарих – халықтың жады, ондағы даналықты игеру әлеуметтік дамуға және болашаққа ұмтылуға жаңа күш береді. Бұл тұрғыдан алғанда, отандық тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің іргетасы, халықтық дәстүрлер мен салттардың бесігі болып саналатын түркілер дәуірінің мәдени-тарихи мұралары шын мәнінде аса қызығушылық тудырады. Бұл мұраның ажырамас бөлігі ретінде Әбу Нәсір әл-Фараби (870-950), Әбу Райхан әл-Бируни (970-1037), Жүсіп Баласағұни (1015-1075), Махмұд Қашғари (1029-1116), Ахмет Жүйнеки (XII ғасыр), Қожа Ахмет Яссауи (1093-1167), Сүлеймен Бақырғани (1104-1186) және басқалары тәлім-тәрбиелік ілімдерін атауға болады.

